

К.К.Абдикаликов<sup>1</sup>, Б.М.Искаков<sup>1\*</sup>, К.К.Рахимжанова<sup>2</sup><sup>1</sup>«Тұран-Астана» университеті

010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы

\*e-mail: [kulmuhammed@inbox.ru](mailto:kulmuhammed@inbox.ru)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ӨНДЕУ ӨНЕРКӘСІБІ САЛАСЫНДАҒЫ ШОБ СУБЪЕКТИЛЕРІН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

### Аңдатпа

Шағын және орта кәсіпкерлік – ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі ретінде елдің инновациялық дамуына ықпал етіп, нарықты қажетті тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз етеді, сондай-ақ экономикалық жүйенің икемділігі мен тұрақтылығын арттырады. Шағын және орта бизнесті (ШОБ) қаржылық қолдау оның тұрақты дамуының негізгі шарты болып табылады. Бұл қолдау айналым капиталына, инвестицияларға және инновацияларға қолжетімділікті қамтамасыз етіп, өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын құруға, ЖІӨ өсуіне, экономиканың әртараптануына және экспорт потенциалын арттыруға ықпал етеді. Мақалада елімізде кәсіпкерлік саланың ахуалы мен белсенділігі, сондай-ақ, ШОБ-тың ел экономикасындағы орны мен үлесі қарастырылған. Мақаланың мақсаты — Қазақстанның өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік (ШОБ) субъектілерін қаржылық қолдау бағдарламаларының тиімділігіне статистикалық талдау жасау, қаржыландыру тетіктерін зерттеу және кәсіпкерлердің қаржылық құралдарға қолжетімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Қазақстан Республикасындағы өңдеу өнеркәсібіндегі ШОБ субъектілеріне бағытталған қаржылық қолдау бағдарламаларының мазмұны мен жүзеге асу тетіктері қаралып, олардың нәтижелері статистикалық тұрғыдан бағаланды. Әр бағдарламаның ерекшеліктері мен артықшылықтарына салыстырмалы түрде талдау жасалынды. ШОБ субъектілерін қаржыландыруда екінші деңгейлі банктердің белсенділігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры қаражатынан өңдеу өнеркәсібі саласындағы кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бағдарламаның жұмыс істеу тетігі мен нәтижелері зерттелген. Сонымен қатар, кәсіпкерлердің қаржылық құралдаға қолжетімділік мәселелеріне анықталып, оларды шешу бойынша ұсыныстар берілген.

**Негізгі сөздер:** бизнес, өңдеу өнеркәсібі, мемлекеттік бағдарлама, қаржылық қолдау, субсидия.

### Кіріспе

Шағын және орта бизнес (ШОБ) көптеген елдердің экономикалық құрылымының басты элементі бола отырып, экономикалық өсуді ынталандыруда, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуде және инновациялық технологияларды енгізуде маңызды рөл атқарады. Әсіресе экономиканың тұрақтылығы мен бәсекеге қабілеттілігіне тікелей әсер ететін және өңдеу секторының негізі болып табылатын өңдеуші өнеркәсіптің дамуына ШОБ субъектілерінің қосатын үлесі ерекше.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында елімізде ШОБ-ті жеткілікті қаржыландыру мәселесінің шешімін таппағанын, бұл өз кезегінде еліміздегі іскерлік ортаның белсенділігіне, экономиканың тұрақтылығына және дәйекті дамуына кедергі келтіріп отырғанын айтқан болатын. Сонымен қатар, мемлекет басшысы 2029 жылға қарай орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі 15 пайызға жеткізу керектігін және бұл Үкіметтің алдында тұрған маңызды міндет екенін басып айтқан. Қазіргі уақытта бұл көрсеткіштің 7% екенін ескере отырып, жыл басында орта бизнесті қолдау үшін нақты шешімдер қабылдау жөнінде тапсырмалар берген. Мәселені шешу мақсатында мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық Банк бірлесіп, осыған қатысты оңтайлы шешімдерді ойластырып, сонымен қатар банктердің экономикаға көбірек қаржы құюына жағдай жасау қажеттілігіне тоқталған [1].

Жаһандық өзгерістер мен технологиялық трансформациялар жағдайында өңдеуші өнеркәсіп саласындағы шағын және орта кәсіпорындар өндірісті әртараптандырудың және өнім сапасын жақсартуға және оның сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін жаңа технологиялық шешімдерді енгізудің негізгі көзіне айналуда.

### Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу барысында ҚР-да өңдеуші өнеркәсіп бизнес субъектілерін қаржылық қолдау бағдарламаларының мазмұны, бағыттары және қолдау құралдары мен оларды жүзеге асыру механизмдері талданды. Зерттеу материалдары ретінде нормативтік құқықтық құжаттар, ҚР Ұлттық статистика бюросының 2024–2025 жылдарға арналған ресми мәліметтері және «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ның (одан әрі – «Даму» Қоры) жылдық есептері мен аналитикалық шолулары қолданылды. Тақырыпты зерттеу салымтырмалы талдау және статистикалық талдау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді.

### Нәтижелер мен оларды талқылау

Шағын және орта бизнесті, әсіресе өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдаудың маңызы ерекше. Жоғары бәсекелестік және шектеулі ресурстар жағдайында мұндай кәсіпорындар қаржыландыруға қол жеткізудегі қиындықтарды, жоғары әкімшілік кедергілерді және өндірісті жаңғырту қажеттілігін қоса алғанда, бірқатар проблемаларға тап болады. Осы салаларды қолдауға және дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың тиімді шаралары осы кедергілерді еңсеруге, өнімділіктің өсуіне және инновациялық дамуға жәрдемдеседі.

Өңдеу өнеркәсібіндегі ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдаудың маңыздылығы сектордың өзінің тиімділігі мен тұрақтылығын арттыруда ғана емес, сонымен бірге оның жалпы экономикаға оң әсер етуінде де жатыр. Өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпорындардың позициясын нығайту ұзақ мерзімді экономикалық өсудің маңызды факторлары болып табылатын өнім көлемін арттыруға, жұмыс орындарын құруға және технологиялық инновацияларды ынталандыруға көмектеседі. Осылайша, өңдеу өнеркәсібіндегі ШОБ субъектілерін қолдау экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етудің, елдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың және оның халықаралық экономикалық процестерге интеграциялануының маңызды құралы болып табылады.

Қазақстанда ШОБ субъектілерінің саны мен белсенділігі айтарлықтай өсу үстіне. Оған мына статистикалық мәліметтер дәлел болады. Қазіргі уақытта елімізде 2025 жылдың 1 наурыздағы статистикалық мәліметтерге сәйкес елімізде 2 283 656 ШОБ субъектілері тіркелген, оның ішінде 2 091 705 ШОБ субъектісі жұмыс істеп тұрғандар, яғни 91,6% белсенді түрде экономикалық қызметпен айналысуда (Кесте 1) [2].

Кесте 1 – Мөлшері мен белсенділігі бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған субъектілер

2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша

Өлшем-ділігі бойынша	Заңды тұлғалар		Дара кәсіпкерлік субъектілері		Филиалдар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары		Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
Барлығы	537 731	423 411	1 814 272	1 727 921	30 533	22 101	2 283 656	2 091 705
Шағын	528 407	414 219	-	-	29 411	20 990	2 280 554	2 088 677
Орта	6 839	6 740	-	-	642	634	3 102	3 028
Ірі	2 485	2 452	-	-	480	477	-	-

Ескерту: [2] негізінде авторлармен құрастырылған

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда тіркелген шағын және орта бизнес субъектілерінің саны бір жылда 3,8%-ға (2,3 млн.), жұмыс істеп тұрғандары – 3,5%-ға (2,1 млн.-ға дейін) өсті. Соңғы 5 жылда тіркелген ШОБ субъектілерінің саны 41,1%-ға, ал жұмыс істеп тұрғандары 55,7%-ға өскен [3].

Жалпы тіркелген 2 283 656 ШОБ субъектілерінің ішінде 118 530 ШОБ субъектілері өңдеуші өнеркәсіп саласында экономикалық қызмет жасайды. Бұл барлық ШОБ субъектілер арасында 5,19%-ды құрайды (Кесте 2).

Кесте 2 – Қызмет түрлері бойынша тіркелген ШОБ субъектілерінің саны

2025 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша

Қызмет түрлері	Барлығы	Оның ішінде			
		шағын кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	орта кәсіпкерліктегі заңды тұлғалар	дара кәсіпкерлер	шаруа немесе фермер қожалықтары
Барлығы	2 283 656	466 288	3 102	1 545 914	268 352
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	304 687	20 369	257	15 709	268 352
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	6 162	5 291	109	762	-
Өңдеу өнеркәсібі	118 530	26 421	532	91 577	-
Электр энергиясымен, газбен, бұмен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	2 334	1 675	45	614	-
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	4 411	2 323	47	2 041	-
Құрылыс	128 483	70 574	312	57 597	-
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	812 256	144 824	502	666 930	-
Көлік және жинақтау	148 695	21 796	223	126 676	-
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	57 075	10 619	84	46 372	-
Ақпарат және байланыс	36 580	17 823	88	18 669	-
Қаржы және сақтандыру қызметі	7 096	6 523	45	528	-
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	113 166	16 062	54	97 050	-
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	64 958	33 326	144	31 488	-
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	66 106	24 036	258	41 812	-
Білім беру	49 903	17 103	118	32 682	-
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	20 908	9 792	211	10 905	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	20 683	5 187	33	15 463	-
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	321 623	32 544	40	289 039	-
Ескерту: [2] негізінде авторлармен құрастырылған					

Республика бойынша 2024 жылғы қаңтар-қыркүйекте ресми статистикалық деректерге сәйкес ЖІӨ-де ШОБ-тің үлесі 39,3%-ды (оның ішінде шағын бизнес үлесі – 32,2%, орта бизнес – 7,1%) құрады және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,8%-ға өскен (Диаграмма 1). Яғни, 2024 жылдың 9 айында ШОБ субъектілерінің өнім шығарылымы 57 188,2 млрд. теңгені (өңдеуші өнеркәсібінің үлесі 6 105,2 млрд.тг немесе 10,66%) құрады және 2023 жылдың өткен кезеңімен салыстырғанда 11,5%-ға артқан.

Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі №250 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес ЖІӨ-дегі ШОБ үлесінің 2025 жылы 35% және 2030 жылы 40%-ға өсіру жоспарының мерзімінен бұрын орындалғанын көрсетеді. Одан бөлек, тұжырымдаманы жүзеге асыру нәтижесінде негізгі индикаторлардың бірі – ол ЖІӨ-дегі орташа компаниялардың үлесін 2025 жылы 15% және 2030 жылы 20%-ға өсіру жоспары бекітілген [4].



Сурет 1 – 2019-2024 жылға ШОБ-тің ЖІӨ-гі үлесі, %

Ескерту: [2] негізінде авторлармен құрастырылған

Сонымен қатар, ШОБ субъектілері 4 422 мың адамды (2025 жылғы 1 қаңтардағы статистикалық мәлімет бойынша) жұмыспен қамтамасыз етіп отыр, бұл Қазақстанның жалпы жұмыспен қамтылған халқының 45,8%-ға жуығын құрайды.

Жоғарыда көрсеткіштермен келтірілген мәліметтерді саралай отырып, ҚР-да ШОБ-тің экономикадағы рөлінің маңыздылығы айқындауға болады.

ШОБ-тің өсуі мемлекеттік қолдаусыз мүмкін емес. Экономиканың осы секторын дамытуды ынталандыруда қолжетімді жеңілдетілген несиелер, салық жеңілдіктері және қолдау инфрақұрылымын құру сияқты мемлекеттік шаралар басты рөл атқарады.

Экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында айтарлықтай үлесі бар ШОК субъектілерін қолдау және дамыту мақсатында елімізде көптеген мекемелер мен ұйымдар жұмыс істейді. Бұл мекемелер мен ұйымдар ШОБ субъектілеріне әлеуметтік және қаржылық қолдау көрсетеді. Негізгі қаржылық қолдаулар – банктік несиелер, мемлекеттік көмек және ынталандыру [5].

Қазіргі уақытта елімізде ШОБ-ды қаржылық қолдаудың қолданыстағы 2 негізгі мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда:

1. Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы;
2. Өңдеу өнеркәсібі саласындағы ШОК қолдау бағдарламасы

Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы бірнеше министрліктің, оның ішінде ҚР Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 21 қарашадағы №410-НҚ, ҚР Энергетика министрінің 2023 жылғы 22 қарашадағы №412, ҚР Туризм және спорт министрінің 2023 жылғы 22 қарашадағы №299, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 22 қарашадағы №327, ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2023 жылғы 22 қарашадағы №401, ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 22 қарашадағы №450-НҚ, ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 2023 жылғы 22 қарашадағы №16, ҚР Көлік министрінің м.а. 2023 жылғы 23 қарашадағы №91, ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №84, ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №347, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №572/НҚ, ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 23 қарашадағы №598 және ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 23 қарашадағы №167 «Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын бекіту туралы» бірлескен бұйрығы негізінде қабылданған [6].


Бұл бағдарлама 2010 жылдан бастап жүзеге асырылып келген «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, кейіннен одан әрі бағдарламаның әрі қарай жалғасы болып бірнеше рет атауы өзгертілген бағдарламалардың («Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы, «2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті

дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» бағдарламасы) тарихи сабақтасқан және қазіргі уақытта қолданыстағы соңғы бағдарлама болып табылады. Бағдарламалар атауы бірнеше рет өзгергенімен негізгі мақсаттары, жүзеге асыру механизмдері бір болды. Бағдарламаның ортақ мақсаттары бір мүддеге тоғысты. Негізгі мақсаттары – өңірлік кәсіпкерліктің тұрақты және теңгерімді өсуін қамтамасыз ету, сондай-ақ бар жұмыс орындарын сақтау және тұрақты жұмыс істейтін жаңа жұмыс орындарын құру. Нысаналы индикаторлары мен міндеттері бір-бірімен жақын әрі сәйкес болды. Бағдарлама шарттары экономиканың дамуы жағдайына байланысты өзгеріп отырды.

Бірақ, аталмыш бағдарламалардың бірыңғай ажырамас ұқсастығы болды:

1. мақсаттарының бірегейлігі, яғни ШОБ-ті дамыту және қолдау;
2. «Даму» қорының бағдарламаның қаржылық құралдары бойынша оператор болуы;
3. Кәсіпкерлерге қаржылық және қаржылық емес құралдарды ұсыну форматының өзгермеуі.

Бағдарламаға сәйкес кәсіпкерлерді қаржылық құралдар арқылы қолдау 6 бағыт бойынша жүзеге асырылады (Сурет 2).



Сурет 2 – Бірыңғай кешенді бағдарлама бағыттары


Ескерту: [6] негізінде авторлармен құрастырылған.

Бағдарламаның әрбір бағытында субсидия және кепілдік құралдары қарастырылған. Қаржылық құралдар «Даму» қоры арқылы беріледі. Бағдарлама аясында қаржылық құралдар кәсіпкерлердің Екінші деңгейлі банктер (одан әрі – ЕДБ) арқылы алатын несиелері бойынша оң шешімі бар жағдайда ғана берілуі мүмкін.

2010 жылдан бастап 2025 жылдың 1 наурызы аралығында бағдарлама аясында субсидия құралы бойынша жалпы жоба сомасы 8 660,7 млрд.тг болатын 117 746 жоба қолдау тапқан, сәйкесінше мемлекет тарапынан 1 227,6 млрд.тг көлемінде субсидия төленген. Мемлекеттік қолдауға ие болған жобалардың көбі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (39 210 жоба немесе 33,3%), «Банк ЦентрКредит» АҚ (33 699 жоба немесе 28,6%), АО «Bereke Bank» (13 469 жоба немесе 11,4%) (Сурет 3) [7].

Ресми мәліметтерге сүйене отырып, кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағдарламасын жүзеге асыруда ЕДБ-дың ішінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ және «Банк ЦентрКредит» АҚ көшбасшы екенін көрініп тұр. Өз кезегінде, аталмыш банктердің ШОБ субъектілерін қаржыландыруда кәсіпкерлерге тиімді несие құралдарының ұсынуы және қолайлы несие саясатын жүргізетіні байқауға болады.

### Субсидиялау: Банктер аясында қолдауға ие болған жобалар



Сурет 3 – Субсидиялау құралы бойынша мемлекеттік қолдау тапқан жобалар Ескерту: [7] негізінде авторлармен құрастырылған.

Кепілдік беру құралы бойынша бағдарлама аясында 2010 жылдан бастап 2025 жылдың 1 наурызы аралығында жалпы несие сомасы 1 908,3 млрд.тг болатын 67 883 жобаға «Даму» Қорының 905 млрд.тг сомасында кепілдігі берілген (Сурет 4) [7].

### Кепілдендіру: бойынша ақпарат қол қойылған ДГ (ЕДБ бөлінісінде)



Сурет 4 – ЕДБ арасына кепілдендіру құралы бойынша мәліметтер Ескерту: [7] негізінде авторлармен құрастырылған.


Кепілдендіру құралы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ және «Казакстан Халық Банкі» АҚ кепілдік саны және кепілдік сомасы бойынша да көшбасшы банктер болып табылады.

Жоғарыда аталған бағдарламалардан бөлек өндеуші өнеркәсіп саласында экономикалық қызметпен айналысатын ШОБ субъектілерін қаржылық қолдайтын арнайы жеке бағдарлама жүзеге асырылуда. Бағдарлама 2014 жылдың сәуір айынан бастап осы күнге дейін жұмыс істеуде. Кәсіпкерлерді қолдау Қазакстан Республикасының Үкіметі мен Қазакстан Республикасы Ұлттық Банкінің өндеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік

жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспары (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі №354 қаулысы) аясында жүргізілуде [8].

Бағдарлама мақсаты – экономиканың басым бағыттарында жұмыс істейтін өңдеуші өнеркәсіп саласындағы ШОБ жобаларын қаржыландыру. Қаржыландыру ҚР Ұлттық қорының (одан әрі – Ұлттық қор) қаражаты есебінен жүргізіледі.

Ұлттық қордың қаражатын пайдалану «Даму» Қорының қаражатын өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерін қаржыландыру үшін ЕДБ-ге шартты түрде орналастыру жолымен жүзеге асырылады. Бағдарламаны қаржыландыру механизмі былай жүзеге асырылған: «Бәйтерек» ҰБХ АҚ облигациялар шығару жолымен Ұлттық қордан 0,1%-пен 20 жылға қарыз алынған. Қаражат алғаннан кейін «Бәйтерек» ҰБХ АҚ «Даму» Қорына жасалған тиісті Кредит шартының талаптарына сәйкес мерзім соңында қаражатты бір сомамен өтеу шартымен жылдық 0,15% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 20 жылға дейінгі мерзімге несиелендірілген. «Даму» Қоры алынған несиелендіруді ЕДБ-де жылдық 2%-дан аспайтын мөлшерлемені орналастырады. Өз кезегінде ЕДБ-тер 10 жылға дейін сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%-дан аспайтын деңгейде ШОБ жобаларын қаржыландырады (Сурет 5).



Сурет 5 – Өңдеу өнеркәсібіндегі ШОК субъектілерін қаржыландыру бағдарламасының қаржыландыру механизмі

Ескерту: [8] негізінде авторлармен құрастырылған.

Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатын 2014-2015 жыл аралығында Ұлттық қордан 3 траншпен жалпы 200 млрд.тг сомасында қаражат бөлінген: 2014ж сәуір – 100 млрд.тг, 2014ж желтоқсан – 50 млрд.тг, 2015 ж наурыз – 50 млрд.тг.

Аталмыш бағдарламаның жоғарыдағы бағдарламалардан бірнеше артықшылықтары бар:

- ЕДБ-тің ШОБ жобаларын тікелей 6%-бен несиелендіру;
- несиелендіру мерзімінің ұзақтығы, максималды 10 жыл;
- ШОБ жобаларын револьверлі түрде несиелендіру (қайтарылған және бос қаражаттар есебінен);

– кепілзат жетпеген жағдайда Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы аясында «Даму» Қорының кепілдігін алу мүмкіндігі;

– несиелендіру мақсатында кәсіпкерлерге қойылатын шектеулердің несиелендіру шартында көрсетілуі (несиелендіру оффшорлық аймақтарда тіркелген, сондай-ақ қатысушылары және (немесе) акционерлері оффшорлық аймақтарда тіркелген ШОБ субъектілеріне бермеу, несиелендіруді аффиллирлік және байланысқан тұлғалардан активтерді сатып алуға жұмсамау, несиелендіруді есебінен бюджетке төленетін салықтарды (КТС, ҚҚС) төлемеу және т.б.).

2025 жылдың 1 наурызындағы жағдай бойынша бағдарлама аясында бөлінген 200 млрд.теңгенің 198 953 млрд.теңгесі 10 ЕДБ-тің орналастырылған. 2014 жылдың сәуірден бүгінгі күнге дейін 1,2 трлн.теңге көлемінде 3 563 ШОБ субъектілеріне несиелендірілген (Кесте 3).

Қазақстанда ШОБ мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен шараларының болуына қарамастан, кәсіпкерлердің көптеген мәселелермен бетпе-бет келеді және бұл саланың толыққанды дамуын қиындатады. Үкімет бизнестің жағдайын жақсарту, әкімшілік жүктемені азайту және қолдау бойынша жүйелі шараларды жүзеге асыруда.

Елімізде 3 жылға 2020 жылдың 1 қаңтарынан 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін уақыт аралығында микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерін 3 жылға табыс салығынан босату

және тексерулерге мораторий енгізілген. Алдын ала болжамға сәйкес, 3 жыл ішінде мұндай мүмкіндікке 380 миллиард теңгеден асатын 1,2 миллионға жуық салық төлеуші табыс салығын төлеуден босатылған [9]. Бизнесті реттеуге қатысты 10 мыңнан астам өзекті емес талаптар анықталып, оның 9 мыңы ведомствалық деңгейде жойылды, ал қалғандары рет-ретімен күші жойылуда [10].

Кесте 3 – Банктер арасында бөлінген ақша қаражаттары туралы ақпарат

№	Екінші деңгейлі банк атауы	«Даму» Қорынан бөлінген қаражат, млн.тенге				Нақты берілгені	
		Бар-лығы	1 транш	2 транш	3 транш	Қарыз алушылар саны	Берілген несиесомасы, млн.тенге
1	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ («Казкоммерцбанк» АҚ)	32 000	20 000	6 000	6 000	479	228 413
2	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	37 102	23 562	7 385	6 155	598	240 131
3	«Ресей Жинақ Банкі» АҚ ЕБ	0	-	-	-	233	106 580
4	«Банк ЦентрКредит» АҚ	23 573	13 044	7 211	3 318	581	113 181
5	«First Heartland Jusan Bank» АҚ	20 406	12 814	4 000	3 592	144	51 790
6	«First Heartland Jusan Bank» АҚ («АТФ Банк» АҚ)	0	-	-	-	251	67 962
7	«Евразиялық Банкі» АҚ	18 926	9 005	7 074	2 847	209	65 611
8	«ForteBank» АҚ	28 801	15 480	7 266	6 055	475	156 442
9	«Нурбанк» АҚ	654	252	25	377	160	39 343
10	«AsiaCreditBank» АҚ	0	-	-	-	146	24 822
11	«DeltaBank» АҚ	0	-	-	-	34	7 716
12	«Bank RBK» АҚ	17 445	5 043	7 979	4 423	163	69 452
13	«Казинвестбанк» АҚ	6 046	525	2 706	2 815	30	17 508
14	«Альфа-Банк» АҚ ЕБ	0	-	-	-	25	6 212
15	«Bereke Bank» АҚ ЕБ	14 000	-	-	14 000	35	19 067
	Барлығы	198 953	99 725	49 646	49 582	3 563	1 214 230

Ескерту: [7] негізінде авторлармен құрастырылған

Сондай-ақ, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап тексерулерді адамның араласуынсыз жоспарлауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі (ТБЖ) енгізіледі. Соның нәтижесінде кәсіпкерлікті жоспарлы тексерулер екі есеге, айыппұлдар саны да бірнеше есеге қысқарады. Дегенмен, сурет соншалықты қызғылт емес және соңғы жылдардағы шағын бизнес санының өсуі көбінесе бизнестің бөлшектенуінің нәтижесі болып табылады [10].

### Қорытынды

Қорытындылай келе, елімізде өңдеу өнеркәсібі саласындағы ШОБ субъектілерін мемлекеттік қаржылық қолдау – ел экономикасының орнықты дамуына, өнеркәсіптік әлеуетінің, тауар экспортының артуына және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал ететін стратегиялық маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында бұл саланы қолдауға бағытталған бағдарламалардың, әсіресе «Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай кешенді бағдарламасы» мен Ұлттық қор қаражатынан қаржыландырылатын өңдеу өнеркәсібі бойынша ШОБ-ты қолдау бағдарламасының нақты нәтижелер бергені анықталды. Осы бағдарламалар аясында мыңдаған кәсіпорындар субсидиялар мен кепілдіктерге ие болып, төмен пайызбен несиесі алу арқылы өндірістік қуаттарын арттыруда.

Сонымен қатар, талдау көрсеткендей, қаржылық қолдау құралдарының жетілдірілуіне қарамастан, ШОБ субъектілері әлі де бірқатар жүйелік қиындықтарға тап болуда. Атап айтқанда, несиелеу кезінде кепілмен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі, қаржы институттары тарапынан талаптардың қатандығы, қаржылық сауаттылық деңгейінің төмендігі және бағдарламалар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі мәселелері өзекті болып отыр. Бұл мәселелерді шешу мақсатында мынадай ұсыныстар беруге болады:

– ШОБ субъектілері үшін несиелеу талаптарын оңтайландырып, ЕДБ-дің кепілдік саясатын жеңілдету: банктің мүліктік кепілзат саясатын оңтайландыру: ауылдық, аудандық елді мекендердегі жылжымайтын мүлікті кепілге алу және өтімділік коэффициентін 0,5 көрсеткіштен төмен қолданбау. Банкке портфельдік кепілдік бойынша өкілеттік беру жұмыстарын жалғастыру;

– Өңірлік деңгейде қаржылық қолдауға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету: ЕДБ-дің өкілдіктерін аудан орталықтарында ашу;

– Мемлекеттік бағдарламалардың шарттары мен мүмкіндіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;

– Қаржылық сауаттылықты арттыруға бағытталған оқыту жобаларын жүйелі түрде іске асыру;

– ШОБ-қа арналған цифрлық платформаларды дамыту арқылы қаржыландыру процесін жылдамдату және ашықтықты қамтамасыз ету.

Осы ұсыныстарды іске асыру арқылы Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібіндегі ШОБ субъектілерінің дамуына серпін беріп, олардың ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік туады. Нәтижесінде бұл елдің жалпы экономикалық өсуіне, технологиялық жаңғыруына және халықтың әл-ауқатының жақсаруына нақты үлес қосады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-adiletti-kazakstan-zan-men-tartip-ekonomikalyyk-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakstan-halkyna-zholdauy-285659> (қаралу уақыты: 02.02.2025).

2 ҚР Ұлттық Статистика Бюросы. Салалық статистика. [Электрондық ресурс] – URL: – <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/281797/> (қаралу уақыты: 31.03.2025).

3 Рост есть, рост будет. [Электрондық ресурс] – URL: <https://dknews.kz/ru/chitayte-v-nomere-dk/353153-rost-est-rost-budet> (қаралу уақыты: 31.03.2025).

4 Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы, ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі №250 қаулысы.

5 А.О. Сыздықова. Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін несиелеуді талдау. Торайғыров университетінің Хабаршысы. ISSN 2710-3552 Экономикалық сериясы. – №3, – 2024, - 348 б.

6 «Мемлекеттік қолдауға жататын жеке кәсіпкерлік субъектілері қызметін жүзеге асыратын экономика салаларын мемлекеттік қаржылық қолдау қағидаларын, нысандарын бекіту туралы» бірнеше министрліктің бірлескен бұйрығы, 21.11.2023ж, ҚР Әділет министрлігінде 27.11.2023 жылы №33681 болып тіркелген.

7 «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-дың ресми сайты. Бағдарламалар бойынша есеп. [Электрондық ресурс] – URL: <https://damu.kz/reports/reports>. (қаралу уақыты: 31.03.2025).

8 «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өңдеу өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жоспарын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі №354 қаулысы.

9 ҚР Премьер Министрінің ресми сайты. Жаңалықтар. [Электрондық ресурс] – URL: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/moratoriy-na-proverki-i-osvobozhdenie-ot-nalogo-kak-budet-razvivatsya-biznes-v-rk-v-blizhayshie-3-goda> (қаралу уақыты: 02.07.2025).

10 G.Talapbayeva, Zh.Yerniyazova, A.Shilmanova, R.Muratbekuly. Government support for small and medium-sized businesses in Kazakhstan: trends, problems and prospects, Bulletin of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University. – №2 (73), – 2024, - 146 б.

## ПРОГРАММЫ ФИНАНСОВОЙ ПОДДЕРЖКИ МСБ В СФЕРЕ ОБРАБАТЫВАЮЩЕЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

### Аннотация

Малый и средний бизнес (МСБ) является важной составляющей национальной экономики, способствует инновационному развитию страны, обеспечивает рынок необходимыми товарами и услугами, а также повышает гибкость и устойчивость экономической системы. Финансовая поддержка малого и среднего бизнеса (далее – МСБ) является ключевым условием его стабильного развития. Такая поддержка обеспечивает доступ к оборотному капиталу, инвестициям и инновациям, что, в свою очередь, способствует созданию новых рабочих

мест, росту ВВП, диверсификации экономики и увеличению экспортного потенциала. Цель статьи заключается в проведении статистической оценки эффективности программ финансовой поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства (МСБ) в обрабатывающей промышленности Казахстана, исследовании механизмов их реализации и разработке рекомендаций по улучшению доступа предпринимателей к финансовым инструментам. В статье рассматривается текущее состояние и активность предпринимательского сектора в стране, а также роль и доля МСБ в развитии экономики. Проанализированы содержание и механизмы реализации финансовых программ поддержки субъектов МСБ в обрабатывающей промышленности Республики Казахстан, а также их результаты на основе статистических данных. Проведен сравнительный анализ особенностей и преимуществ каждой программы. Изучены активность вторичных банков в финансировании субъектов МСБ и механизм функционирования программы поддержки предпринимательства в обрабатывающей промышленности, финансируемой из средств Национального фонда Республики Казахстан. Кроме того, выявлены проблемы доступности предпринимателей к финансовым инструментам и предложены пути их решения.

**Ключевые слова:** бизнес, обрабатывающая промышленность, государственная программа, финансовая поддержка, субсидирование.

## FINANCIAL SUPPORT PROGRAMS FOR SMES IN THE MANUFACTURING SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

### Abstract

Small and medium-sized enterprises (SMEs) are a vital component of the national economy. They contribute to the country's innovative development, ensure the supply of essential goods and services to the market, and enhance the economic system's flexibility and stability. Financial support for SMEs is a key factor for their sustainable growth. Such support ensures access to working capital, investments, and innovations, which, in turn, fosters the creation of new jobs, GDP growth, economic diversification, and increased export potential. The purpose of the article is to conduct a statistical evaluation of the effectiveness of financial support programs for small and medium-sized enterprises (SMEs) in the manufacturing industry of Kazakhstan, to study the mechanisms of their implementation, and to develop recommendations for improving entrepreneurs' access to financial instruments. This article examines the current state and activity of the entrepreneurial sector in Kazakhstan, as well as the role and share of SMEs in the country's economic development. It analyzes the content and implementation mechanisms of financial support programs targeting SMEs in the Republic of Kazakhstan's manufacturing sector, along with their outcomes based on statistical data. A comparative analysis of the features and advantages of each program is presented. The study also explores the involvement of secondary banks in financing SMEs and the operational mechanism of the entrepreneurship support program funded by the National Fund of the Republic of Kazakhstan in the manufacturing sector.

The purpose of the study is to develop recommendations for further improving state support measures for SMEs in Kazakhstan's manufacturing sector, based on an analysis of existing support mechanisms.

Based on the research findings, specific applied recommendations were developed to improve entrepreneurs' access to financial instruments, including preferential bank loans and the guarantee provided by the «Damu» Fund, and to reduce the barriers and obstacles to obtaining these instruments.

**Keywords:** business, manufacturing industry, government program, financial support, subsidizing.

## REFERENCES

- 1 Memleket basşysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ «Ädiletli Qazaqstan: zañ men tärtip, ekonomikalıq ösim, qoğamdyq optimizm» aty Qazaqstan halqyna Joldaıy [Address of the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev to the People of Kazakhstan titled «A Just Kazakhstan: Law and Order, Economic Growth, Public Optimism»]. Available at: — URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-adiletli-kazakhstan-zan-men-tartip-ekonomikalık-osim-kogamdyk-optimizm-atty-kazakistan-halkyna-zholdauy-285659> [in Kazakh] (accessed: 02.02.2025).
- 2 QR Ültyq Statistika Bürosy. Salalyq statistika [Bureau of National Statistics of the Republic of Kazakhstan. Sectoral Statistics]. Available at: — URL: — <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-org/publications/281797/> [in Kazakh] (accessed: 31.03.2025).
- 3 Rost est, rost budet [There is Growth, and There Will Be Growth]. Available at: — URL: <https://dnews.kz/ru/chitayte-v-nomere-dk/353153-rost-est-rost-budet> [in Russian] (accessed: 31.03.2025).
- 4 Qazaqstan Respublikasynda shağyn jáne orta käsipkerlikti damytudyñ 2030 jylğa deingi tüjyrymdamasy, QR Ükimetiniñ 2022 jylğy 27 säuirdegi №250 qaulysy [Concept for the Development of Small and Medium-Sized Enterprises in the Republic of Kazakhstan until 2030] [in Kazakh].
- 5 A.O. Syzdyqova. Qazaqstanda shağyn jáne orta käsipkerlik subektlerin nesieleudi taldaı [Credit analysis of small and medium-sized business entities in Kazakhstan]. Toraiğyrov universitetiniñ Habarşysy. ISSN 2710-3552 Ekonomikalıq seriasy. — №3, — 2024, — 348 p. [in Kazakh].

6 «Memleketтік qoldauğa jatatyn jeke käsipkerlik subektileri qyzmetin jüzege asyratyn ekonomika salalaryn memleketтік qarjylyq qoldau qaғıdalaryn, nysandaryn bekıtu turaly» birneşe ministrliktiń birlesken büiryğy [*Joint order of various ministries "On the approval of the state financial support policies of the economic sectors of the private business entities that are subject to state support"*], 21.11.2023j, QR Ädilet ministrliğinde 27.11.2023 jyly №33681 bolyp turkelgen [in Kazakh].

7 «Damu» käsipkerlikti damytu qory» AQ-dyń resmi saity. Baғdarlamalar boıynsha esep [*Official website of «Damu» Entrepreneurship Development Fund JSC. Report on Programs*]. Available at: – URL: <https://damu.kz/reports/reports> [in Kazakh] (accessed: 31.03.2025)

8 «Qazaqstan Respublikasynyń Ükimeti men Qazaqstan Respublikasy Ülttyq Bankınıń öñdeu önerkäsibindegi shağyn jáne orta käsipkerlik jobalaryn qarjylandyrudy qamtamasyz etu jönindegi birlesken is-qımyl josparyn bekıtu turaly» QR Ükimetiniń 2014 jylğy 14 säurdegi №354 qaulysy [*«On the approval of the joint business plan of the Government of the Republic of Kazakhstan and the National Bank of the Republic of Kazakhstan on the provision of financing for small and medium-sized enterprises»*] [in Kazakh].

9 QR Premier Ministriniń resmi saity. Jańalyqtar [*Official Website of the Prime Minister of the Republic of Kazakhstan. News*]. Available at: – URL: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/moratoriy-na-proverki-i-osvobozhdenie-ot-nalogov-kak-budet-razvivatsya-biznes-v-rk-v-blizhayshie-3-goda> [in Kazakh] (accessed: 02.07.2025)

10 G.Talapbayeva, Zh.Yerniyazova, A.Shilmanova, R.Muratbekuly. Government support for small and medium-sized businesses in Kazakhstan: trends, problems and prospects, Bulletin of Kh.Dosmukhamedov Atyrau University. – №2(73), – 2024, 146 p. [in English].

#### **Information about authors:**

Kulmukhammed Abdikalikov – doctoral student at Turan-Astana University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: [kulmuhammed@inbox.ru](mailto:kulmuhammed@inbox.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-3506-332X>

Baurzhan Isakov – **corresponding author**, Candidate of Economic Sciences, Professor at Turan-Astana University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: [iskakov82@mail.ru](mailto:iskakov82@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3989-7631>

Kalamkas Rakhimzhanova – Doctor of PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

E-mail: [Kalamkas.Rakhimzhanova@mail.ru](mailto:Kalamkas.Rakhimzhanova@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8004-4326>

#### **Информация об авторах:**

Кулмухаммед Абдикаликов – докторант Университета «Тұран-Астана», г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: [kulmuhammed@inbox.ru](mailto:kulmuhammed@inbox.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-3506-332X>

Бауыржан Исаков – **основной автор**, кандидат экономических наук, профессор Университета «Тұран-Астана», г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: [iskakov82@mail.ru](mailto:iskakov82@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3989-7631>

Каламкас Рахимжанова – PhD, старший преподаватель кафедры «Финансы», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева г.Астана, Республика Казахстан

E-mail: [Kalamkas.Rakhimzhanova@mail.ru](mailto:Kalamkas.Rakhimzhanova@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8004-4326>

#### **Авторлар туралы ақпарат:**

Кулмухаммед Абдикаликов – «Тұран-Астана» университетінің докторанты, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [kulmuhammed@inbox.ru](mailto:kulmuhammed@inbox.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-3506-332X>

Бауыржан Исаков – **негізгі автор**, экономика ғылымдарының кандидаты, «Тұран-Астана» университетінің профессоры. Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [iskakov82@mail.ru](mailto:iskakov82@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3989-7631>

Каламкас Рахимжанова – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы. Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [Kalamkas.Rakhimzhanova@mail.ru](mailto:Kalamkas.Rakhimzhanova@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8004-4326>